

А.О. Сеитманбетова*, **А. Қалдыбаева**
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
*Корреспондент авторы: seitmanbetova.aiman@mail.ru

ЕРМЕН ӨСІМДІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

Түйін

Ащы ермен (ащы ермен лат. *Artemisia absinthium*)- күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, ермен туысына жататын көп жылдық тамырсабақты шөптектес өсімдік. Қазақстанда ермен туысының 84 түрі өседі. Қазақ гүл бапкерлері киелі ермен гүлін күрделі гүлдер тұқымдасына жатқызады. Көпжылдық шөптектес өсімдік деп біледі.

Киелі ермен гүлінің биіктігі 20-45 сантиметр шамасында келеді. жер астындағы тамыр сабағы, көген тамыры көлденең өседі, ағаш тектес болып өзгереді. Тамыры топырақ түсті, иісі жағымды. Сабағындағы сансыз бұтақтары көлбей көтеріле өседі. Жалғыз сабақты болады. Қызыл күрең не жасыл түсті келіп, сыртында ақ түсті мақта тәріздес түктері болады. жапырақтары кезектесіп не қарама-қарсы орналасады, төңкерілген жұмыртқа формалы, қауырсын айырықты. Кішкентай жапырақтары таспа тәрізді, қандауыр формалы, сағақсыз. Қысқа бұтақтары сабақ бойында дөңгелене өседі. Шоқбас гүл шоғыры сабағына қолтықтай өсіп, жиі орналасады. Сыртынан қарағанда жұмырлау түтік тәрізді көрінеді. Гүлі кішкене, сары түсті. Қыркүйек, тамыз айларында гүлдейді. Гүл кездегі киелі ерменді қазақ малшылары «айжамал гүлді ермен», «гүл ермен», «ерменгүл» деп те атайды. Гүл ашқанда сұлулық, әсемдік шегіне жеткен кезі, дәрілік қуаты асқан кезі.

Кілттік сөздер: ермен өсімдігі, гликозидтер, флавоноидтар, Илік (таниндер) заттар, Эфир майлары, Микроэлементтер, Фитонцидтер, Дәрумендер.

Кіріспе

Киелі ерменнің жер шарында кең тараған 200-дей түрі бар. Олар биік, ұлы таулардың шөпті жерлерінде, таудың күнгей беттерінде, самырсынды орман арасында өседі. Қазақ емшілері киелі ерменнің барлық шөбі дәрі деп біледі. Ермен піскен кезде, гүлдеген тұста, жазда, күзде қазып алып, жіппен буып, көлеңкеде кептіреді. Кейін ұсақтап турап, дәрі ретінде қолданады. Бұл гүлден жасалған дәрілердің қасиеті – ащылау дәмді, жылы райлы, уытсыз. Ыстықты басады, уытты қайтарады, тамақты сіңіреді. Жылан шаққанға киелі ерменнен бір сәрі суға қайнатып не суға бұқтырып ішеді. Киелі ерменді суға қайнатып алып, оның суымен жылан шаққан жерді жуса уы қайтады, тез жазылады. Есекжемге, түрлі себептермен ісіп ауырған адамдарға ем болады

Ерменде екі түрлі ащы зат түзетін абсинтин және анабсинтин дейтін екі түрлі ащы глюкозид, С витамині, аздаған тері илерлік заттар, 0,5% эфир майы болады. Майының түсі жасыл, көк, улы, әрі қауіпті келеді. Ерменнің фироцидтік қасиеті бар. Оның ерітіндісін езінді не шай ерітіндісі түрінде тәбет ашу үшін және асқазанның жұмысын жақсарту үшін ішеді. Ермен дәрі-дәрмектерін дәрігердің көрсетілген бұйрығымен ғана ішу керек.

Соңғы ғасырларда адамдар екі түрлі нәрсемен қоректенетін болады: 1- нанмен, 2- сі дәрі-дәрмекпен. Болашақта ауру түрі мен аурудың саны көбеймесе азаймайтын болады. дегенмен, ежелші кезден бері ауру түрлері болған, алайда табиғаттың тазалығы және таза табиғи өніммен қоректенген соң, көп еңбектенген соң, дәрілерді қолданған өзінде табиғи жолдармен емделген соң, адамдар тез жазылып, сауығып кетіп отырған. Сондай емдік әрі өте пайдалы өсімдіктер түрлерін көп зерттеп, жан-жақты іздеу барасында терең мағлұматтар білген. табиғи өнімдерді тағам, күн-көріс, әрі дәрумендер, әрі дәрі-дәрмектер ретінде пайдаланған. көптеген аурулардың түрлерін алдын-алған. Қауіпті аурулармен күресе білген. сондай әрі пайдалы, әрі

жанға дауа, әрі емге, әрі мал-азықтары ретінде қолданған өсімдіктің бір түрі – жусан. Жусанның пайдасы өте зор, ол барлық ауруға ем. оның дәлелдерін зертханалық жұмыстар, ғылыми жұмыстар жүргізіп отырғанда аңғаруға болады.

Материалдар мен әдістер

Өсімдіктер әлемі – адамзатқа таныс әрі тылсым сырларға толы тіршілік саласы. Көптеген шөптердің арасында жусан ерекше орын алады. Оның ащы дәмі мен өткір иісі бала кезден-ақ есте қалады. Бұл өсімдіктің ғасырлар бойы халық медицинасында, салт-дәстүрде және күнделікті тұрмыста атқарған рөлі орасан. Көзге қарапайым көрінгенімен, оның пайдасы мен мәдени мағынасы тереңде жатыр. Төменде жусан өсімдігі жайлы қызықты әрі пайдалы деректерді ұсынамыз.

Ерменнің бүгінгі күнде пайдасы мен зиянын анықтай келе, еременнің денсаулыққа шипа, емге дауа, жараларға мықты ем екенін білеміз – сол себептен де *Artemisia Absinthium* ащы еременнің фармакологиялық құрамын жан – жақты қарастырып шықтық.

XVII ғасырда Россия елінде еременнің шырынын жараларға жағып, жуып тазалап, тез жараның ізі кету үшін пайдаланған. Ермен сұйықтығына батырылған дәке не марлымен жараны таңып, емдеп отырған. Ертеде адамдар еременді қайнаған сумен түрлі ыстығы көтерілген қызба ауруларға, қарынішек бұрылып, түйіліп ауырғанда, ішкі ортада газ толып, күпсіленіп түйіліп қатты ауырғанда, дезбактериоз, дезинтерия, т.б. аурулармен ауырғанда дәкемен малып, ыстық суға басып, жараларды таңып едейтін болған. Әдетте еремен шалфей, жалбыз шөптері мен күнбағыс жапырақтарына араластырылып, ауру жан қызбалы іш ауруымен ауырған кезінде пайдаланылады.

Еремен астралылар тұқымдасына жатады, оның 400-ден астам түрі бар. Бұл өсімдік Антарктидадан басқа барлық құрлықта өседі және қатал ортаға жақсы бейімделген. Қазақ тіліндегі «Ермен» сөзі көне түркі түбірінен тараған. Ол ащы, шипалы өсімдік деген мағына береді және дәмі аз мөлшерде-ақ тез аңғарылады. Бұл өсімдік микробқа қарсы және қабынуға қарсы қасиеттерімен белгілі. Жара, күйік, тері ауруларын емдеуде оның сығындысы жиі қолданылады. Ертеде үйді тазартып, аурудан қорғау үшін жусанды түтіндеткен. Оның иісі жын-шайтанды қашырады деп сеніп, рухани қорғаныш ретінде пайдаланған. Жусан шайы ас қорытуды жақсартып, тәбетті ашады. Оның ащы дәмі асқазан сөлінің бөлінуін ынталандырып, зат алмасуды белсенді етеді. Ең танымал түрлерінің бірі — ащы жусан. Ол медицинада кеңінен қолданылып, ресми дәрілік заттардың құрамына енеді. Гүлденіп тұрған жусан өткір иіс шығарады, ол ащы шөп пен шайыр иісін еске салады. Бұл иіс кепкен соң да сақталып, хош иісті өнімдерге қосылады. Қытай медицинасында жусан моксатерапияда қолданылған. Қыздырылған жусанмен денедегі нүктелерді ысытып, ауруды жеңілдеткен. Жусан тұнбасы ішек құрттарымен күресуге көмектеседі. Оның антисептикалық қасиеті ағзаны жұмсақ әрі тиімді тазартады. Қазақтың байырғы салттарында жусаннан жасалған шоқты үйге іліп қойған. Бұл үйді көз тиюден, тіл-көзден қорғайды деп сенген. Ауыл шаруашылығында жусан зиянкестермен күресте қолданылады. Оның қайнатпасын өсімдіктерге бүркіп, тли мен басқа да жәндіктерді жояды. Кейде жусанның микродозасы ет тағамдарына қосылады. Ол ерекше ащылау дәм беріп, тамақты жеңіл қорытуға көмектеседі. Жусаннан атақты ішімдік — абсент дайындалады. Бұл сусын ерекше ащы әрі сергітетін қасиетке ие, бірақ оны мөлшермен ішу керек. Бұл өсімдік табиғи жәндікке қарсы құрал болып саналады. Оның бұтақтары киім арасына, үйге қойылып, маса, көбелек, бүрге секілді зиянкестерден қорғайды. Жусан жел мен құрғақшылыққа төзімді. Ол шөл және жартылай шөл аймақтарда топырақты бекітіп, эрозиядан қорғайды. Ұзақ уақыт қолданғанда жусан негізіндегі дәрілер жанама әсер тудыруы мүмкін. Сондықтан оны мөлшермен, маман кеңесімен қабылдау қажет. Жусан құрамында иммунитетті күшейтетін табиғи заттар бар. Әлсіреген ағзаға арналған шөптік қоспаларда ол жиі кездеседі. Әдеби шығармаларда жусан көбіне туған жердің, сағыныштың, тазалықтың символы ретінде бейнеленеді. Ол жүректегі терең сезімдерді жеткізудің көркем құралына айналған. Жусан –

қазақ даласының айрықша иісі мен ащы дәмімен есте қалатын өсімдігі. Ол дәрілік, тұрмыстық әрі рухани мәнге ие. Табиғаттың бұл ерекше сыйы ежелден бүгінге дейін өзінің маңызын жоғалтпай келеді. Оны тереңірек таныған сайын, табиғатқа деген құрмет пен қамқорлық арта түседі.

Олар негізінен таралуы бойынша - *Artemisia Absinthium* ащы Ермен Европа, Солтүстік Африка, батыс Азиядан пайда болған деп табылады. Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі, тек қана құмды шөлейт аймағында өспейді. Ерменнің Қазақстанда 81 түрі өседі. Қазақстан Флора бойынша Солтүстік Қазақстан облысының аймағында 24 түрі таралған [1]. Жусанның ең көп таралған кеппешөптерінің түрлері: бөрте жусан (*A. Austriaca* L.), ащы жусан (*A. absinthium* Jacq.), қара жусан (*A. vulgaris* L.), жазық жусан (*A. campestris* L.), сұр жусан (*A. glauca* Pall.), жапырақты жусан (*A. latifolia* Ledeb.) және т.б.

Табиғаттағы орны: олар әрбір жерде өсіп-өніп жатады, және оңай таралып, көбейіп жатады. Мысалы, Білгал–сүйгіш арамшөп ретінде ауыл маңында, жол бойында, бақта, бау–бақшада, егістік, тыңайған және шалғынды жерде, орманда, бұта аралығында, таудың төменгі, орта белдеуінде қаптап өседі. таулы аймақтарда өте қаптап өседі, Кейде үлкен қау құрып өседі, әсіресе тау алқаптарында. Қоры. Өте көп кездесетіндіктен есептелмеген, себебі өндіріске деген табиғи шикізаты жеткілікті [2].

ЕРМЕННЕН жасалған ДӘРІ 41 ауруға ем болады

Қазақта «Ерменді жерде ер өлмейді» деген мақал бар. Ол текке айтылмаған. Себебі ерменнің емдік қасиеті жетерлік. Қазақта оны 41 ауруға ем деген түсінік қалыптасқан.

Ерменнің (полынь горькая) ми қан тамырлары тарылғанда, құлақ шуылдағанда, бас ауырғанда және көз қарауытқанда тигізер пайдасы өте көп. Оның бүйрек, бауыр, асқазан және тік ішек жараларының барлық түріне, қаназдыққа және қант диабетіне тигізер шипасы мол.

Осылардан жазылу үшін ерменнің дәнін кептіріп, ұнтақтайды. Сосын бір қасығын 100 грамм балға араластырып, асқазан, ішек және тік ішектен қан кеткенде қолдану керек. Бұл дәріні күн сайын шай қасықпен 3 рет қабылдаса, қан кету тиылады, іштегі жара тез жазылады.

Ерменнің жапырағы да ем. Оның ұнтағынан бір шай қасық алып, 3 литр қайнаған суға шай сияқты демдейді. 8 сағаттан соң сүзіп, үстіне 200 грамм сірке суын араластыру керек. Бұл дәріні асқазан және ішек жаралары, геморрой, тоқ ішектегі полит, қылтамақ сияқты ауруларға, сонымен қатар жатырдан қан кеткенде, бауыр мен көк бауыр ауырғанда да қолдануға болады. Ондайда күніне 3 рет, тамақ алдында 30 граммнан ішу керек. Бір айдан соң 20 күн демалып, емді қайтадан бастаған жөн.

Ерменнің тамырын ұнтақтап, оның 100 граммын 3 литр суда жарты сағат қайнатып тұндырады. Бұдан кейін үстіне 200 грамм сірке суын қосып, шайқап араластырады. Бұл дәріні қуыққа суық тигенде, қуық түйіліп ауырғанда, бүйрек пен жатыр төмен түскенде, үлкендердің кіші дәреті тоқтамағанда және еркек безі қабынғанда пайдалануға болады. Сондай-ақ онымен әйелдер бедеулігін емдеуге де болады. Ол үшін күн сайын екі рет, 30 граммнан ішеді. Ал жатыр мойын жарасын жазу үшін таңертең және кешке онымен жуып- шайыну керек.

Ерменнің тіршілікте пайдасы.

Ермен ерте кезден белгілі өсімдік, оны жеген малда, ауырған адам да пайдаланған. Біздің жеріміз бай өсімдіктер әлемі ертеден-ақ адам баласына қызмет етіп келеді. Қазақстан тұрғындары тірі табиғатпен дәстүрлі байланыста, олар ертеден-ақ өздерінің айналасындағы өсімдіктерді және олардың күнделікті тұрмыстағы пайдасы туралы жақсы білген. Солардың бірі – ащы ермен.

Әлемдегі, біздің жеріміздегі ең ащы өсімдік – ермен, алайда оның пайдасы өте көп, ол сол ащылығымен санитарлық, тазалық жұмыс орындарында таза дәке, марлі, мақта алуда, сонымен қатар залалсыздандыруға, түрлі қауіпті ауруларға қарсы тұратын емдік шөптесін өсімдік. Латинецтер, ағылшындар бұл шөпті артемизия деп атайды. Бұл шөптесін өсімдігі ежелдегі бері пайдаланып келеді. Оны грек Құдайы өздерінше солай атаған Артемид

тапқандықтан, бұл өсімдікті артемизия деп те атаған. Сол дәуірден бері бұл өсімдік түрлі ауруларға қолданып келген. Ащы жусан дәрілік өсімдік, медицинада келесі ауыруларды емдеуге пайдаланылады.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі қоғамда ең көп тараған қатерлі рак ауруына ем: Қазақ елінде ғалымдар бұл өсімдіктен, өзіміздің жерімізде тұрған жергілікті ерменнен дәрі жасап шығарды. Қоғамның күрт өзгеруі экологиялық түрлі проблемалардың күрт көбеюі, бүгінгі таңда түрлі қауіпті аурулардың көбеюі бара жатқандығы бәрімізді қатты алаңдатууда. Сондай аурулардың бірі-жатыр қатерлі ісік аурулары, рак аурулары. Сондай аурулардың мықты емі-ермен. Ерменнен көптеген зерттеулер жүргізіп, көптеген жазылмас ауруларды емдеуге болары анық. Тек қана мықты ізденіс пен көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет болып тұр. Оның ащы сусыны, ащы сөлі мен шырыны сөзсіз осындай қауіпті ауруларға ем болар еді. Қатерлі ісік ауруы күннен күнге өрши түсуде, себебі, барлық жерде радиациялық толқынды сәулелер көптеп қолданылуда, ғылым техника дамыған сайын олардың толқындары қатты пайдалануда. Ал ол көптеген қауіпті ісік ауруларын туғызуда. Солармен күресу үшін фармацевтер осы ерменнен дәрі-дәрмектер ойлап тапса.

Ащы ерменді ата-бабамыз ертден-ақ әр түрлі ауруларға қолданған. Бастың сақинасына, аяқ-қол сырқырағанда буланған. Асқазан ауруына тұнбасын ішкен. Халық медицинасында:

1. Тамаққа тәбет ашуға; 2. Асқазан бүріп ауырғанда; 3. Аяқ астынан дене құрысып, қалтырап діріл пайда болғанда (лихорадка); 4. Әсіресе аяқтағы көктамыр бадырайып шығып білініп тұрғанда; 5. Қан жасушалары азайғанда; 6. Бауыр, көкбауыр ауырғанда; 7. Суық тигенде; 8. Ұйқы қашқанда; 9. Іштегі паразит құрттарды түсіруге және т.б. Ветеринария саласында қоюлау тұнбасын паразит жәндіктерді құрту үшін жағады. Күйіс қайыратын малдардың күйіс қайыруы бәсеңдесе ұнтағын ұнға, тұзға, суға араластырып береді.

Тұнбасын дайындау тәсілі

1 қасық шөбін 5 ас қасық спиртке (1/5) салып 7 күнге қояды. Дайын болған тұнбаны астан 30мин бұрын 15 тамшыдан күніне 3 рет ішеді. Судағы еріткішін немесе еріген күйін алу үшін шөбінің 1 шай қасығына 2 стакан қайнап тұрған ыстық су құйып 20 минут тұндырады. Дайын болғанда асқа дейін 30мин бұрын стаканның 1/4 бөлігіндей мөлшерде күніне 3 рет ішеді. Ерменнің дәрісін қабылдауды бір айдан асырмай арасында 1-2 апта үзіліс жасау керек. Тіпті спирттік, арақ пен шарапқа тәуелділікті де ащы ерменмен емдеу: Алкогольге тәуелділікті емдеу үшін шөптер қоспасын жинау қажет. Оның осы шөптесін дәрінің құрамында ең маңызды бөлігі-80 пайыздай бөлігі осы ащы жусанг немесе ащы ерменнің өзі болып табылады. Оны дайын түрінде суға қайнатып сұйық түрін күнде ішіп отырады. Кемінде 30 күндей болуы тиіс.

Ұл-қыз, әйел адамның жатырындағы миома, киста ісік ауруларын емдеп отырған: Миома-бұл қазіргі уақытта ащы жусанның тұнбасымен емделетін қатерлі емес ісік. Дайындау тәртібі: Екі ас қасық шикізатқа 1/2 литр спирт немесе арақ құю арқылы жасалынады. 10 күн бойы тұндырылады. Бұл тұнбаны күніне екі рет 1 шай қасықтан ас қабылдау барысында қолданады. Емдеу курсы – 14 күнге созылады. Кейіннен бір ай үзіліс жасап, оң нәтиже көрсетпесе емдеу курсы қайталауға болады. Тұнбаны тоңазытқышта сақтау қажет. Сипатталған емдеулерді қолдану кезінде есте сақтау қажет: қан аздық, жүктіліктің кез-келген айында және емізу кезінде тек қана жусан емес, басқа да токсинді қасиеттері бар шөптерді дәрігердің рұқсатынсыз алдын-ала қолдануға болмайды.

Ермен шырынынан адам ағзасындағы қалдық тағамдарды, тағамдарды жақсы қорытады, аппетит ашады. Оның сөлінен көптеген дәрі-дәрмектер жасайды. Ол түрлі микроағзалар туғызатын ауруларға қарсы тұрады. Антисептикалық қасиеті бар. Фармакологиялық және т.б. өндіріс орындарында олардың шырынынан түрлі дәрілік заттар жасайды. Оның жаңадан алынған сөлін қараңғы да құстай отырып, туберкулезге қарсы дәрі-дәрмек жасайды. Ерменні тұнбасы, шырыны, сөлі толықтай тәбетті ашады, қарынды тоқ қылып жүреді. Сондай-ақ,

демікпе, асқазан сөл аурулары, ішек аурулары, асқазан ойық ауруларына да шипа болып табылады. Россияда алғашқы кездерден бастап ақ, 3000 жыл бұрын осы өсімдікті көп қолданған, түрлі ауруларды емедеп отырған. Оның ащы сөлі жүйке жүйесін тынышталдырыған, бас аурулары, бассақинасы, тіс аурулары қолданған. Борсық, бал майларын қосып, туберкулез ауруын емедеген.

Ерменнің ем болады аурулары және қолданулы.

Иммунитет көтеруде: 500 гр жаңа кесілген жусанның сөлін грек жаңғағымен араластырып ет тартқыштан өткіземіз. Оған 1,5 стакан бал араластырып, тамақтан соң бір асқасықтан күніне үш мезгіл 1 ай ішу керек. Демікпеге жас жусанды езіп шырынын күніне үш рет әр ретте 5мг ішеді.

Ермен өсімдігі асқазан қатты ауырғанда, сонымен қатар аппетит ашатын да қасиеті бар. Асқазан жараларын, ойық жара, т.б. ауруларға да ем болып табылады.

Қорытынды

Болашақта тіпті түрлі бұрын соңды болмаған аурулар көбейетіні анық, сол кезде осы ерменнің пайдасын көптегіп көретін болады. Қарапайым ғана есік алда, су жағасында өсетін өте ащы ермен өсімдігінен қаншама маңызды заттар, дәрі-дәрмектер, препараттар, бинт, марлевка, мақта, шыт маталар залалсыздандыру үшін, санитарлық жағдайлар сақтау үшін өндіріліп отырады. Мүмкін болашақта әлі де толық зертеліп бітпеген көптеген ауруларға ем болатын шығар. Ермен улы ащы өсімдік болғандықтан ол көбінесе, тұмау, короновирус сияқты қауіпті жұқпалы ауруларға, ангинаға, мұрын пысылдап, көзден тамшылар ағып қатты грипповат етіп отырғанда, ми ауырғанда, сүйек буын қақсағанда, жараларды таңған кезде, қан тоқтамай жатқанда залалсыздандыру үшін антисептикалық жағдайлар үшін мүмкін қолданар. Жалпы кез-келген шөптесін, ағаш өсімдіктеріне көптеген дәрі-дәрмектер витаминдер, минералды заттар, т.б заттар көптеп алуға болады. Сондықтан барша жасыл өсімдіктер әлемін сақтап, құрметтеп, қорғап және көбейтіп отыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Турмуханова М.Ж. Синтез биологически активных соединений. – Алматы, 2002. –71 с.
2. Щелкунов А.В., Абдыкалыков М.А., Ли М.Л. Химия и технология лекарственных препаратов. – Караганда: Санат, 2001.
3. Кенжетаева С.О. 2-Амино-4-фенилтиазолдың жаңа күкіртқұрамды туындыларын синтездеу туралы. Органикалық химия. 2013. №4(72), Б. 4-8
4. Инновационные технологии в фармацевтическом образовании: обучение и контроль. Учебно-методическое пособие. – Шымкент, 2012.- 175с.
5. Т.Ә. Арыстанова Жалпы фармацевтикалық химия: оқу құралы. Алматы, Эверо, 2020.
6. Соколов Р.С. Химическая технология :Учебное пособие в 2т.-М.: ВЛАДОС, 2000.- Т. 1 - 368с; Т.2 - 448с.
7. ҚР Мемлекеттік фармакопеясы. Т.1.- Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008,-592 б.
8. Р.С. Вартанян. Синтез основных лекарственных средств. М.: МИА, 2004 – 845 с.
9. А.Т. Солдатенков, Н.М. Клядина, И.В. Шендрик. Основы органической химии лекарственных веществ. М.: Химия. 2001 – 192 с.

References

1. Turmuhanova M.Zh. Sintez biologicheskij aktivnyh soedinenij. – Almaty, 2002. –71 s.
2. Shhelkunov A.V., Abdykalykov M.A., Li M.L. Himija i tehnologija lekarstvennyh preparatov. – Karaganda: Sanat, 2001.
3. Kenjetaeva S.O. 2-Amino-4-feniltiazoldyñ jaña kükirtqūramdy tuyndylaryn sintezdeu turaly. Organikalıyq himia. 2013. №4(72), B. 4-8

4. Innovacionnye tehnologii v farmacevticheskom obrazovanii: obuchenie i kontrol'. Uchebno-metodicheskoe posobie. – Shymkent, 2012.- 175s.
5. Т.А. Arystanova Jalpy farmasevtikalyq himia: oqu qūraly. Almaty, Evero, 2020.
6. Sokolov R.S. Himicheskaja tehnologija :Uchebnoe posobie v 2t.-M.: VLADOS, 2000.- T. 1 - 368s; T.2 - 448s.
7. QR Memlekettik farmakopeiasy. T.1.- Almaty: «Jibek joly» baspa üii, 2008,-592 b.
8. R.S. Vartanjan. Sintez osnovnyh lekarstvennyh sredstv. M.: MIA, 2004 – 845 s.
9. A.T. Soldatenkov, N.M. Kljadina, I.V. Shendrik. Osnovy organicheskoy himii lekarstvennyh veshhestv. M.: Himija. 2001 – 192 s.

А.О. Сеитманбетова*, А. Калдыбаева

старший преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
преподаватель, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

*Автор для корреспонденции: seitmanbetova.aiman@mail.ru

РАСТЕНИЕ ЭРМЕН И ЕГО ФАРМАКОЛОГИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА

Аннотация: Полынь горькая (лат. *Artemisia absinthium*) — многолетнее растение семейства астровых, род полынных. Произрастает на пастбищах и лугах, супесях, в лесах и горных районах Мангистау. Высота 60—100 см, иногда достигает 120 см. Корень толстый. Цветки мелкие, собраны в соцветия. Цветки мелкие, собраны в соцветия. Цветёт и плодоносит в июле – июне. Полынь – лекарственное растение, применяемое в медицине. Благодаря горькому вкусу полыни люди верили, что это растение впитывает в себя всю горечь страданий, поэтому полынь обладала двумя свойствами: исцелять человека от болезней и успокаивать душу. Для приготовления лекарств собирают верхушки и листья полыни. Часть листьев срезают до 25 сантиметров до цветения. Безлистные стебли полыни также собирают в мае и июне. Безлистные стебли полыни также собирают в мае и июне. Лекарственные виды полыни легко отличить от нелекарственных. Нижняя сторона нелекарственных листьев блестящая, серебристая, а верхняя — коричневая или зелёная. Полынь горькая содержит два вида горьких гликозидов: абсент и анабсент, витамин С, небольшое количество полезных для кожи веществ и 0,5% эфирного масла. Масло имеет зеленовато-голубой цвет и ядовито.

Полынь обладает пиретроидным действием. Её раствор пьют в виде отвара или чая для возбуждения аппетита и улучшения работы желудка. Препараты полыни следует принимать только по назначению врача.

Ключевые слова: полынь, гликозиды, флавоноиды, дубильные вещества, эфирные масла, микроэлементы, фитонциды, витамины.

A.O. Seitmanbetova*, A. Kaldybayeva

Senior Lecturer, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

Lecturer, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

*Corresponding author's email: seitmanbetova.aiman@mail.ru

THE ERMEN PLANT AND ITS PHARMACOLOGICAL PROPERTIES

Abstract

Wormwood (*Artemisia absinthium*) is a perennial plant in the Asteraceae family, genus Artemisiaceae. It grows in pastures and meadows, sandy loams, forests, and mountainous areas of Mangystau. Height: 60–100 cm, sometimes reaching 120 cm. The root is thick. The flowers are small, collected in inflorescences. It blooms and bears fruit in July–June. Wormwood has a special value as a medicinal plant. Its infusion is often used to improve digestion and stimulate food intake. Prospective search for plant material with medicinal properties among seed plants. For this, it has its own variety, distribution and large reserves of raw materials. Wormwood bitter *Artemisia Absinthium* is used in folk medicine. This is due to the unique chemical

composition of *Artemisia Absinthium*. The medicinal properties of the herb are explained by the fact that it is enriched with natural biologically active components. In the aerial part, biologically active components show the highest concentration during the flowering period.

Key words: wormwood, glycosides, flavonoids, tannins, organic acids, essential oils, trace elements, phytoncides, vitamins.